

Зеренді аудандық мәслихатының 2021 жылғы 22 қаңтардағы № 2-9 "Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақмола облысы Зеренді аудандық мәслихатының 2025 жылғы 30 маусымдағы № 31-238 шешімі

Зеренді аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Зеренді аудандық мәслихатының "Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу туралы" 2021 жылғы 22 қаңтардағы № 2-9 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8336 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасында:

38, 39-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"38. "Гүлзат" дүкенінің жанында орналасқан алаң, Симферополь ауылы, Жеңіс көшесі, 9.

39. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Симферополь ауылы, Жеңіс, 9 көшесінен Ахмет Байтұрсынұлы, 10 б көшесіне дейін.";

көрсетілген шешімнің 2-қосымшасында:

4-тармақтың 38), 39) тармақшалары жаңа редакцияда жазылсын:

"38) "Гүлзат" дүкенінің жанында орналасқан алаң, Симферополь ауылы, Жеңіс көшесі, 9, шекті толу нормасы 50 адам;

39) Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Симферополь ауылы, Жеңіс, 9 көшесінен Ахмет Байтұрсынұлы, 10 б көшесіне дейін, шекті толу нормасы 50 адам;".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың төрағасы

Р.Ғабдуллина